

MEGA COO ЖЕЛІСІНІҢ MEGA Family НИЕТТЕСТІК БАҒДАРЛАМАСЫНА ҚАТЫСУ ЕРЕЖЕСІ

I. ҚОЛДАНЫЛАТЫН ТЕРМИНДЕР

1.1. Ниеттестік бағдарламасының қатысушысы (Қатысушы)	<p>Ниеттестік бағдарламасының қосымшасын жүктеп алған (орнатып алған) және сол қосымшада өзінің жеке деректерін (ТАЖ, мобильді телефон номері, электронды адресі, туған күні) енгізу арқылы тіркелген заңды тұлға.</p> <p>14-тен 18 жасқа дейін кәмелетке толмаған тұлғалар Ниеттестік бағдарламасына Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалардың талаптарына сәйкес тек заңды өкілдерінің келісімі негізінде құқылы.</p> <p>14 жасқа дейінгі кәмелетке толмаған тұлғалар Ниеттестік бағдарламасына қатысуға құқылы емес.</p>
1.2. COO	<p>Сауда ойын-сауық орталықтары төмендегі мекенжайлар бойынша орналасқан:</p> <p>MEGA Alma-Ata COO, Алматы қ., Розыбакиев көш., 247А, 263;</p> <p>MEGA Park COO, Алматы қ., Мақатаев көш., 127/1;</p> <p>MEGA Silk Way COO, Нұр-Сұлтан қ., Қабанбай батыр даңғ., 62.</p>
1.3. Ниеттестік бағдарламасы (Бағдарлама)	<p>Серіктестерге және Бағдарламаға деген тұтынушылардың ниеттестігін қалыптастыруға және арттыруға бағытталған Айналмаларды жинақтау жолымен Қатысушыларды тарту және мадақтау мақсатымен Оператормен іске асырылатын және басқаратын маркетингтік құралдар мен шаралар кешені.</p>
1.4. Профиль (есепке алу жазбасы)	<p>Мобильді қосымшаға кіруге рұқсат алу және оны қолдану мақсатында кейіннен Мобильді қосымшаға қатысушымен енгізіп, сақтайтын Қатысушының жеке деректері (ТАЖ, мобильді телефон номері, электронды адресі, туған күні).</p>
1.5. MEGA Айналма (әрі қарай – Айналма)	<p>Валюта¹ MEGA Family ниеттестік бағдарламасының жинақтау жүйесі.</p> <p>Бір айналма 10 000 (он мың) теңгеге тең.</p> <p>Айналма 5 (бес) желектен тұрады, оның әрқайсысы 2 000 (екі мың) теңгеге тең.</p>
1.6. Байланыс орталығы	<p>Оператормен Қатысушыларға ақпараттық қолдау көрсетуге арналған Ниеттестік бағдарламасының анықтамалық орталығы, өзіне барлық келіп түсетін</p>

¹ Ақша бірлігі және төлем құралы болып табылмайды.

	жүгінулерді өңдеуді қамтиды. Байланыс орталығы номері: +7 701 604 55 63.
1.7. Ниеттестік бағдарламасы серіктесі	СОО аумағында бутик және/немесе дүкені бар жеке кәсіпкер немесе заңды тұлға.
1.8. Акция	Серіктестер және/немесе Оператордың бастамасы бойынша өткізілетін және Айналмаларды есепке түсіруге және Бағдарлама мен Серіктестерге деген Қатысушылардың ниеттестігін қалыптастыру мен арттыруға бағытталған шара.
1.9. Мобильді қосымша	Бағдарламалық қамсыздандыру – Қатысушыға Айналмаларды жинақтауға, мадақтамаларды алуға және Оператормен ұсынылатын өзге функцияларды іске асыруға мүмкіндік беретін MEGA Family мобильді қосымшасы.
1.10. Оператор	«Mega Center Management» АҚ, Ниеттестік бағдарламасы департаменті атынан MEGA Family ниеттестік бағдарламасына басқарушылық етеді, Ережелерде қарастырылған негізде Қатысушыларға Айналмаларды есебіне түсіреді.
1.11. Сайт	Ниеттестік бағдарламасы туралы шынайы ақпарат жарияланған www.mega.kz Оператордың ресми сайты.
1.12. Бағдарламалық өнім (Жүйе)	Ниеттестік бағдарламасын іске асыруға және автоматтандыруға арналған және Оператормен пайдаланатын Бағдарламалық-аппаратты кешен.
1.13. Тауар	Ниеттестік бағдарламасы Серіктестерінен алатын тауарлар (ақшаны, бағалы қағаздарды, төлем құжаттарын (чектер, жол чектері мен б.), айналымға рұқсат етілмеген, шектелген тауарларды есепке алмағанда), жұмыстар, қызметтер.
1.14. Квест	Қатысушыларға арналған іс-әрекеттердің белгілі алгоритмімен тапсырмалар тізімі. Квестерге қатысу қосымша Айналмалар мен жүлделер алуға мүмкіндік береді.
1.15. Айналмаларды есепке түсіру	Ережелерде қарастырылған негізде Қатысушы профилінде Айналмалар санын арттыруға әкелетін Қатысушымен Мобильді қосымшаға жүктелген чектердің модерациялау процедурасы. Қатысушы СОО жүйесінде жасалған сатып алулардан алынған ақшалай/ақшасыз есеп айырысу чектерін жүктей алады.

1.16. Айналмаларды жинақтау	Ниеттестік бағдарламасы пайдаланушыларына деңгейлерді (SILVER, GOLD, PLATINUM) анықтау үшін және белгілі кезеңдерде MEGA Family серіктестерінен түскен ынталандыруларды үлестіруге арналған Айналмаларды жинақтау жүйесі.
1.17. Алаяқтық	Ниеттестік бағдарламасына қатысу үшін сатып алушының чектерін заңсыз пайдалану, чектерді жалған жасау.
1.18. Айналмаларды жою	Жинақталған Айналмаларды есептен шығару процедурасы.
1.19. Профильді бұғаттау	Қатысушыға мобильді қосымшаны пайдаланудағы құқығын шектету (есепке алу жазбасын жоюға дейін).
1.20. Серіктес қызметкері	Серіктеспен азаматтық-құқықтық немесе еңбек қатынасындағы жеке тұлға.

II. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 2.1. Осы ережелер Ниеттестік бағдарламасына қатысу шарттары мен тәртібін айқындайды.
- 2.2. Ниеттестік бағдарламасының негізгі мақсаты болып табылатыны СОО-да сауда жасау барысында Қатысушыға барынша жайлылықты қамтамасыз ету, Қатысушылардың СОО-ға және Серіктестерге деген ниеттестік деңгейін арттыру.
- 2.3. Бағдарлама аясында Қатысушылар Айналмаларды жинақтау арқылы жаңа деңгейге көтерілуге және осы Ережелерге сәйкес сыйлықтар алуға мүмкіндік алады.
- 2.4. Қатысушы СОО желісінде жасалған сатып алулар чектерін жүктеген жағдайда ғана Айналмаларды жинақтауға және сыйлықтар алуға мүмкіндік алады.
- 2.5. Қатысушы Мобильді қосымшамен көлік тұрағына кез келген банк картасын тіркеп қою арқылы төлем жасай алады.
- 2.6. Серіктестердің кәзіргі тізімі, және де өткізілетін Акциялар туралы ақпарат Оператормен MEGA Family Мобильді қосымшасына, www.mega.kz сайтына, жарнамалық материалдарда жарияланады.
- 2.7. Профильді тіркеу барысында бір телефон номері және бір электронды пошта адресін ғана пайдалануға болады. Оператор Бағдарламаға тіркелуге рұқсат етпеуге немесе Профильді жоюға құқылы, егерде алдында тіркелген Профильдегі телефон номері және электронды пошта адресі қайталанғаны анықталса.

III. НИЕТТЕСТІК БАҒДАРЛАМАСЫНА ҚАТЫСУ ШАРТТАРЫ

- 3.1. Ниеттестік бағдарламасы Қатысушысы атану үшін ерікті түрде жоспарлап отырған жеке тұлғаға Қосымшаны жүктеп алу қажет,

- сол жерде тіркеліп, келесі жеке деректерді көрсету қажет: ТАЖ, мобильді телефон номері, электронды адресі, туған күнін және жынысын (қалауы бойынша).
- 3.2. Ниеттестік бағдарламасының Мобильді қосымшасында тіркелуімен Қатысушы Бағдарламаға қатысу шарттарын қабылдайтынын, осы Ережелермен танысқандығын растайды, олармен келісетінін және оларды орындайтынына міндеттенеді.
 - 3.3. Бағдарламаға қатыса отырып, Қатысушы Оператор, Серіктестер, афилиирленген және олармен қатынастағы тұлғалар Сайтта және Мобильді қосымшада жарнама жариялауға, жарнамалық, ақпараттық, сервистік және де өзге хабарландыруларды Ережелердің 4.1.т. көрсетілген кез келген тәсілдердің Қатысушыға жолдауға құқылы екендігін түсінеді және келісімін береді.
 - 3.4. Ниеттестік бағдарламасына Серіктестер жұмыскерлері мен Astana Group холдингі жұмыскерлері сатып алулар жасау шарттарында қатыса алады және кепілдендірілген сыйлықтар ала алады.
 - 3.5. Серіктестер жұмыскерлері өздері сатып алулар жасау шарттарында айына 50 000 теңгеден аспайтын сомада өздерінің сауда орындарының чектерін жүктеуге құқылы.
 - 3.6. Серіктестер жұмыскерлері басқа сатып алушылармен жасалған сатып алулар чектерін өздерінің сауда орындарында жүктеуге құқылы емес.
 - 3.7. «Astana Group» холдингі жұмыскерлері ірі жүлдер акциясы ұтыс ойындарына қатысуға құқылы емес.

IV. ТАРАПТАРДЫҢ НЕГІЗГІ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

- 4.1. Қатысушы Бағдарлама туралы ақпаратты келесі тәсілдер арқылы алуға құқылы:
 - a) Мобильді қосымшада;
 - b) www.mega.kz сайтында;
 - c) Әлеуметтік желідегі СОО желісінің ресми аккаунттарында;
 - d) Байланыс орталығына жүгіну арқылы;
 - e) Оператордың жарнамалық материалдарынан;
 - f) email-хабарландырулар алу, SMS-хабарландырулар, PUSH-ескертулер алу арқылы.
- 4.2. Қатысушы өзекті ақпарат алуын қамтамасыз ету мақсатында:
 - 4.2.1. **Осы Ережелер туралы:**

қатысушы Ережелерге енгізілген барлық өзгерістер мен толықтыруларды өздігінен қарап отыруға міндеттенеді және Бағдарламаның Мобильді қосымшаға, Оператор сайтына Байланыс орталығына өзекті ақпараттарға жүгінуге құқылы.

Ережелердің жаңа редакциясы күшіне енгеннен кейін Қатысушымен Айналмаларды есепке түсіруге бағытталған әрекеттерді жасауы Қатысушының ережелердің жаңа редакциясымен келіскендігін растайды;

4.2.2. Бағдарламасы аясында өткізілетін Акциялар ережесі, Серіктестер тізбегі туралы:

Қатысушы Ережелерге енгізілген барлық өзгерістер мен толықтыруларды өздігінен қарап отыруға міндеттенеді және Бағдарламаның Мобильді қосымшаға, Оператор сайтына Байланыс орталығына өзекті ақпараттарға жүгінуге құқылы.

Қатысушы шарттары (ережелері) өзгерген Бағдарлама аясында өткізілетін Акцияларға қатысу барысында Айнамааларды есепке түсіруге бағытталған әрекеттер жасауы, оның ішінде Айнамааларды есепке түсіруге және сыйлықтарды алуға шектеу қою арқылы Қатысушының аталған өзгертулерге келісімін растау болып табылады.

4.3. Қатысушы Бағдарламаға тіркелу барысында ұсынылған ақпараттың өзектілігі мен шынайылығын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

Ұялы телефон номері өзгерген жағдайда 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде Операторды Байланыс орталығына жүгіну арқылы немесе megafamily@megacenter.kz электронды адресіне өзгерген күннен бастап ескертуге міндеттенеді, және де қажеттілігі жағдайында Қатысушының өзекті емес электронды поштасын өзектіге өздігінен ауыстыру.

Нақты емес, шынайы емес мәліметтерді көрсеткен жағдайда, және де Қосымшада ескірген мәліметтерді уақтылы өзгертпеген жағдайда Қатысушы сонымен байланысты кез келген жағымсыз жағдайлар қатерін өздігінен жүктейді

4.4. Қатысушы өз паролін ешкімге айтпауды, өз Профиліне кіруге рұқсат бермеуге және өз Профилін және/немесе паркинг төлеміне тіркестірілген төлем картасын басқа адамдарға табыстамауға міндеттенеді.

4.5. Қатысушының Профиліне үшінші тұлғалардың санкцияланбаған кіруіне жол бермеу үшін Қатысушымен Ниеттестік бағдарламасына қатысу үшін жоғалған (жойылған, ұрланған және б.) мобильді телефон немесе өзге құрылғыдағы үшінші тұлғалардың есепке алу санкцияланбаған кіру қауіпінің пайда болуында Профильді Бұғаттау мақсатында.

4.6. Қатысушыдан келген сәйкестендірілген ескерту алған сәтінен 3 (үш) сағат ішінде Оператормен бұғатталу жүргізіледі. Қатысушының бастамасы бойынша профильдің Бұғатталуы жағдайында Қатысушы Байланыс орталығына жүгінген сәтінен және верификация өткеннен кейін 3 (үш) сағат ішінде қайта бұғатталу жүргізіледі. Верификация келесі деректер ұсынылғаннан кейін жүргізіледі: телефон номері, электронды адресі және Қатысушымен Қосымшаға жүктелген чектердің соңғы 5 (бес) транзакцияларды көрсету. Қажеттілік туындағанда Оператор қосымша сұрақтар беруге құқылы.

- 4.7. Оператор Қатысушының Профилін келесі жағдайларда Бұғаттауға құқылы:
- 4.7.1. Чектерді жүктеу мен жалған жасау алаяқтық жағдайлар анықталғанда;
 - 4.7.2. Ереже шарттарын бірнеше рет бұзғанда (екі рет не одан көп);
 - 4.7.3. Оператор және/немесе Серіктеске зиян келтіруге апаратын Ережелер шарттары бұзылғанда.
- 4.8. Бағдарлама Қатысушысы Тауар сатып алған және сәйкестендіруші Тауарды растайтын құжаттарды сақтауға міндеттенеді, және де оларды Қатысушының Айналымаларға қатысты даулы жағдайларды реттеуге арналған талаптарды алу күнінен бастап Операторға 5 (бес) жұмыс күні ішінде ұсынуға келіседі.
- 4.9. Қатысушы Бағдарламадағы өзінің қатысуын өз бастамасы бойынша жазбаша және/немесе Оператордың megafamily@megacenter.kz электронды пошта адресіне ауызша ескерту, Қатысушы мобильді қосымшаға тіркелу барысында хабарлаған деректерін осы Ереженің 4.3.т. сәйкес өзектендіргендігін көрсете отырып, және де Қатысушымен Қосымшаға жүктелген чектердің соңғы 5 (бес) транзакцияларын көрсетіп, Байланыс орталығына жүгіну арқылы тоқтатуға құқылы. Оператор Қатысушыдан аталған хабарлама алған күннен бастап, Қатысушы Бағдарламадағы өз қатысуын тоқтатады, ал барлық жинақталған Айналымалар жойылады, Профиль 3 (үш) жұмыс күні ішінде жойылады.
- 4.10. Оператор біржақты тәртіпте, кез келген уақытта Ережелерге, Бағдарламалық өнімге, Сайт және/немесе Мобильді қосымша жұмысының алгоритміне өзгерістер енгізуге, оның ішінде бар функционалды қосуға/өзгертуге, жаңартулар енгізуге құқылы.

V. MEGA АЙНАЛМАЛАРДЫ ЕСЕПКЕ ТҮСІРУ

- 5.1. Оператор осы Ережелерге сәйкес Ниеттестік бағдарламасы Серіктестерінде жасалған сатып алулар чектерін жүктеген үшін Қатысушы Профилінде Айналымаларды есепке түсіреді.
- 5.2. Қатысушымен Тауар сатып алынғанда Оператор Айналымаларды Ниеттестік бағдарламасы Серіктесінде Тауар сатып алу чегін жүктеу сәтінен бастап бір күнтізбелік күннен кешіктірмей есебіне түсіреді. Бір Айналма 10 000 (он мың) теңгеге тең. Айналма 5 (бес) желектен тұрады, әрқайсысы 2 000 (екі мың) теңгеге тең. Сатып алулар чектері жинақталады.
- 5.3. Партнермен және/немесе Оператормен өткізілетін Акциялар мен Квесттер аясында Қатысушыға қосымша Айналымалар есебіне түсіріледі, осы Ережелерге сәйкес Қатысушы 4.1. т. Көрсетілген тәсілдердің біреуімен хабарландырылады. Акциялар аясында есепке түсірілетін Айналымалар шарты Қатысушыға жіберілген хабарландыруларда көрсетіледі.

VI. АЙНАЛМАЛАРДЫ ЖИНАҚТАУ

- 6.1. Ниеттестік бағдарламасында Қатысушыларға деңгейлерге өту және қандай да деңгейге жету барысында MEGA Family-дан сыйлықтар үлестіру үшін Айналымдар жинақтау жүйесі (BRONZE, SILVER, GOLD, PLATINUM) енгізілген.
- 6.2. **Ниеттестік бағдарламасы деңгейлері:**
 - a. BRONZE – 0-ден 4 Айналымға дейін;
 - b. SILVER – 5-ден 199 Айналымға дейін;
 - c. GOLD – 200-ден 499 Айналымға дейін;
 - d. PLATINUM – 500 Айналым.

Әр деңгейдің Қатысушылары арасында тұрақты түрде жүлделер мен сыйлықтар ұтысы өткізіліп тұрады.
- 6.3. Айналымдардың сәйкестендірілген саны жинақталғанда Қатысушыға кепілдендірілген сыйлық табысталады. Айналым көп болған сайын, сыйлық бағалы болып түседі. Сыйлық түрлері және олардың ақшалай баламасы Оператормен белгіленеді, және Оператормен кез келген сәтте өзгертіле алады.
- 6.4. **Сыйлықтарды тапсыру кезеңдері:**
 - a. 1 Айналым жинақталғанда;
 - b. 10 Айналым жинақталғанда;
 - c. 25 Айналым жинақталғанда;
 - d. 50 Айналым жинақталғанда;
 - e. 85 Айналым жинақталғанда;
 - f. 115 Айналым жинақталғанда;
 - g. 150 Айналым жинақталғанда;
 - h. 200 Айналым жинақталғанда;
 - i. 500 Айналым жинақталғанда.
- 6.5. **Кепілдендірілген сыйлықтарды тапсыру тәртібі:**
 - a. Сыйлық алу үшін Қатысушыға MEGA COO-ға келіп, MEGA Family тұрағына жолығып, жұмыскер нұсқаулығын орындау қажет. Қатысушы жеке куәлігін немесе тұлғасын растайтын өзге құжатты ұсыну қажет. Оператор жұмыскері Қатысушы тұлғасын растайтын құжатын ұсынбағанша сыйлықты тапсырудан бас тартуға құқылы;
 - b. MEGA Family тұрағының жұмыскері сыйлықты тапсырғанын растау үшін тұлғаның жеке куәлігінің көшірмесін/суретін түсіреді де Қатысушының тегін, атын, байланыс телефонын, сыйлықтың атауын, тапсырған күнін ведомоста көрсетеді;
 - c. Қатысушы ведомосқа қол қойғаннан кейін жұмыскер сыйлықты тапсырады. Қатысушы ведомосқа қол қойған сәттен бастап сыйлық иелігі құқығы, сыйлықтың кездейсоқтан өлу, бұзылу қаупі Қатысушыға ауысады;
 - d. Сыйлықтың тапсырылуы жұмыс күндері (Нұр-Сұлтан уақыты бойынша сағат 10:00-ден 22:00-ге дейін) жүргізіледі;

- e. Сыйлықтың орнына ақшалай балама (қолма қол ақша немесе қолма-қолсыз тәсілмен) берілмейді;
 - f. Қатысушы сыйлық алудан бас тарқан немесе жеңімпаз атанған Қатысушы осы Ережелердің талаптары негіздері бойынша сай болмаған жағдайда, Оператор ҚР қолданыстағы заңнамаларына қайшы келмейтін тәсілмен реттеуге құқылы.
- 6.6. Чектерді модерациялау:**
- 6.6.1. Модерацияға СОО желісінде жүргізілген 1 (бір) теңгеден бастап сатып алулар чектері жіберіледі;
 - 6.6.2. Чектер Мобильді қосымшаға 3 тәсілмен жүктеледі:
 - a) Чек суреті;
 - b) Галереядан сурет жүктеу арқылы;
 - c) Чектегі QR-кодты сканерлеу.
 - 6.6.3. QR-кодты сканерлеу мүмкіндігі болмағанда немесе қатені көрсетіп тұрса чекті суретке түсіріп, оны қосымшаға қайта жүктеу қажет.
 - 6.6.4. Модерацияға қабылданбайтындар:
 - a) күші жойылған/қайтарылған сатып алулар бойынша операциялар;
 - b) мобильді телефон шоттарын толтырумен, банк картасын толтырумен/ақша шешумен байланысты операциялар, ақша айырбастау, интернетке, ТД төлем жасау, коммуналдық төлемдер, көлік тұрағына төлем жасау, СОО желісінің аумақтарында қызметтерге/тауарларға/жұмыстарға төлем жасаумен байланысты операциялар.
 - 6.6.5. Жүктелген чектердің модерациясы 24 сағаттың ішінде жүргізіледі.
 - 6.6.6. Чекте көрсетілген күннен бастап 72 сағат ішінде чекті жүктеу қажет.
 - 6.6.7. Чек бір рет қана жүктеледі. Чек қайта жүктелген жағдайда Қатысушы чектің жүйеге жүктелгені туралы ескерту алады.
 - 6.6.8. Екі не одан көп Профильдерге бір мезетте чек жүктелген жағдайда, Оператор жүйесінде бірінші болып ашылған Қатысушы Профиліне чек жүктеледі.

VII. АЙНАЛМАЛАРДЫ ЖОЮ

- 7.1. Оператормен Тауар қайтарылғаны анықталған жағдайда Қатысушы Профилі жаңартылып, есепке алынған желектер мен Айналымалардың сәйкестендірілген саны жойылады.
- 7.2. Сыйлық алғаннан кейін Тауар қайтарылған жағдайда Қатысушының есепке алынған желектері мен Айналымалары жойылады, осы кезеңге қайта жеткен кезде сыйлық табысталмайды..
- 7.3. Қатысушы Тауарды қайтарған туралы өздігінен хабарлағысы келсе ол megafamily@megacenter.kz электронды адресіне жазып немесе Байланыс орталығына жүгіне алады.
- 7.4. 14 (он төрт) ретті күндер ішінде Тауарларды үш рет қайтарған жағдай анықталғанда (кез келген себеппен) Профиль 7 (жеті) күнтізбелік күнге бұғатталады.

- 7.5. Оператор Серіктес Жұмыскер тарапынан алаяқтықты анықтаған жағдайда Қатысушы Профилі бұғатталып, жинақталған желектер мен Айналмалар жойылады, Серіктес Жұмыскері алаяқтық жасаған фактісі бойынша ішкі тергеу жүргізіледі.
- 7.6. Егерде Бұғаттау Ниеттестік бағдарламасына Қатысушымен қатысу кезеңіне екі мәрте жүргізілсе Ереженің 4.7 т. қарастырылған негіздері бойынша Ереженің келесі бұзушылығы Қатысушының Ниеттестік бағдарламасы қатарынан Профиль иесін шығару қарастырылады.
Осы тармақта көрсетілген негіздер бойынша Ниеттестік бағдарламасының Қатысушылар қатарынан шығарылған жеке тұлға кейіннен Қатысушы ретінде Ниеттестік бағдарламасына қосыла алмайды.
- 7.7. **Оператор келесі негіздер бойынша Айналмаларды жояды:**
- 7.7.1. Тіркелу күнінен 12 (он екі) ай ішінде.
Соның өзінде Айналмалар нольге дейін жойылмайды. Айналмалар ағымдағы деңгейдің бастапқы санына дейін жойылады.
Мысалы, егерде MEGA Family-ға тіркелу сәтінен бастап 1 жыл ішінде, Қатысушы 25 Айналма жинақтаса ол SILVER деңгейінде болады, онда 1 жыл өткеннен кейін Қатысушы SILVER деңгейінде – 5 (бес) Айналма санымен қалады.
Егерде Қатысушы 1 жыл ішінде GOLD деңгейінде 300 Айналма жинақтаса, онда осы кезең өткеннен кейін ол өз Профилінде GOLD деңгейінде 200 Айналмамен қалады. Қатысушы өз деңгейінде қалып, әрі қарай да жаңа мүмкіндіктерді ашып, Айналмалар жинай алады, сыйлықтар ала алады;
- 7.7.2. Айналмалар қателікпен есепке түсірілсе, техникалық істен шығу, бағдарламалық қамсыздандыру жұмысының істен шығу салдарын есепке алғанда қателікпен есепке түскен Айналмалар саны жойылады;
- 7.7.3. Кез келген себептермен Қатысушы Бағдарламадан шыққан немесе шығарылған жағдайда Профильде жинақталған Айналмалардың 100% (жүз пайызы) жойылады;
- 7.7.4. Ниеттестік бағдарламасының іске асырылуы тоқтатылған жағдайда Профильде жинақталған Айналмалардың 100% (жүз пайызы) жойылады;
- 7.7.5. Жойылған Айналмалар қалпына келтірілмейді және/ немесе өтелмейді.

VIII. ЖҮЛДЕЛЕР ҰТЫС ОЙЫНЫ, КВЕСТТЕР МЕН АКЦИЯЛАР ӨТКІЗУ

- 8.1. Оператор Қатысушыға өткізілетін ұтыс ойынның (маркетингтік акцияның) немесе квесттің, шараның және б. Ереженің 4.1.т. тізбектелген бір немесе бірнеше тәсілдермен анонсын жолдайды.

- 8.2. Қатысушы желектерді және/немесе Айналмаларды жинақтау мақсатында шараға немесе квестке қатысу (квест тапсырмаларын орындауға) туралы шешімді өздігінен қабылдайды.
- 8.3. Қатысушы Оператормен ұйымдастырған квестерді орындау немесе шараларға қатысу кезінде өзінің денсаулығы/өмірі және үшінші тұлғалардың денсаулығы/өмірі үшін жауапкершілікті өзі жүктейді.
- 8.4. Жұлделер ұтыс ойыны Ниеттестік бағдарламасы Қатысушыларының арасында өткізіледі.
- 8.5. Ұтыс ойындағы жұлделер SILVER, GOLD және PLATINUM деңгейлері арасында үлестіріледі де, белгілі деңге Қатысушыларының арасында кезеңмен өткізіледі.
- 8.6. Жұлделердің әр ұтыс ойынына жеке қатысу ережелері жарияланады. Қатысушылар ережелермен мобильді қосымшада, СОО желісінің ресми парақшаларында және www.mega.kz сайтында таныса алады.
- 8.7. Ірі жүлде қоры бар Акциялардың ұтыс ойындарында Astana Group холдинг жұмыскерлері қатыса алмайды. Ірі жүлде қоры бар Акцияларға жататын:
 - a. 250 000 теңгеден астам сомадағы жүлде қоры бар Акциялар (теңгеде немесе мүлік түріндегі баламада);
 - b. Электр тұрмыстық техника, жолдама, тұрғын үй (пәтер, қалаға қарамастан) немесе автокөлік түріндегі жүлде қоры бар Акциялар.

ІХ. ДЕРЕКТЕРДІ ЖИНАҚТАУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ. ЖАРНАМА

- 9.1. Оператор Қатысушы Ниеттестік бағдарламасы Серіктестері болып табылатын көптеген компаниялардың ұсынатын Тауарлармен танысын деп Қатысушыға жарнамаларды, ұсыныстарды және өзге ескертулерді жолдайды.
- 9.2. Қатысушы Оператор Қатысушыны қызықтыру үшін және оған пайдалы болатындай Серіктестер мен Тауарларды ұсынады, Қатысушы Профиліне талдау жасауға, оның Ниеттестік бағдарламасындағы белсенділігін және оның ұнататын заттарын қарауға құқылы екендігін түсінеді және өз келісімін береді.
- 9.3. Оператор, бұдан басқа, хабарландыруларды жолдау арқылы Қатысушы қызығушылығын танытатын қажетті Тауарларды іздеуде көмек көрсету мақсатында Қатысушы сатып алуларына талдау жасайды.
- 9.4. Бағдарламаны іске асыру шеңберінде Қатысушы Оператормен және/немесе Серіктеспен оған жіберілетін ақпараттық, сервистік және/немесе жарнамалық сипаттағы SMS, What's app, email-хабарландырулар, push-хабарландырулар және өзге түрлермен жолдануына өз келісімін білдіреді.
- 9.5. Қатысушы Оператордың megafamily@megacenter.kz электронды поштасына ТАЖ және телефон номерін көрсете отырып, өтініш жолдау арқылы Акциялар бойынша жарнамалық

хабарландыруларды алудан бас тартуға құқылы, хат тақырыбында – «Жарнамалық хабарландыруларды алудан бас тарту».

- 9.6. Қатысушы Ниеттестік бағдарламасының сапасын бақылау және тиісті іске асырылу мақсатында Оператормен Қатысушы Байланыс орталығына жүгінулерін тіркеп, сақталуын жүргізуге құқылы екендігімен келісімін білдіреді.
- 9.7. Осы Ережелер аясында деректер ретінде түсінілетін деген:
- a) Қатысушылардың суреттері, жеке, биометриялық, арнайы, иесізденген деректері;
 - b) әлеуметтік желілердегі және өзге жалпыға қолжетімді парақшалардан Қатысушы парақшаларындағы бейнелері (оның ішінде сурет, видео), жарияланған материалдар, өзге деректер, адамдар туралы деректер, әлеуметтік желілердегі парақшаларда, хэштегтарда, пікір жазбаларда, топтарда, құрамаларда, шараларда, Қатысушымен қатынасы бар адамдар;
 - c) Профильді пайдалану туралы деректер, әлеуметтік желілер аккаунттары, Ниеттестік бағдарламасы шеңберінде сатып алушылар белсенділігі туралы, Сатып алынған Тауарлар туралы, сұранысқа ие Тауарлар, брендтер және б.туралы;
 - d) Профильмен пайдалану үшін Қатысушымен қолданатын құралдар туралы, оның ішінде: аппаратты және бағдарламалық қамсыздандыру туралы ақпарат, құрылғылар идентификаторлары, Интернетке қосылу туралы, Қатысушы құрылғысының орналасқан жері туралы ақпарат (GPS, Bluetooth, Wi-Fi), қосымшалар деректері, cookie файлдары және б..;
 - e) Байланыс орталығына Қатысушының жүгінулері туралы жазбалар, Мобильді қосымшада Қатысушының Оператормен жүргізген жазбалары (кері байланыс);
 - f) Серіктестермен және/немесе басқа Қатысушылармен ұсынылған Қатысушы туралы деректер;
 - g) Оператормен кез келген дереккөздерден Қатысушыны сипаттайтын өзге деректер.
- 9.8. Ниеттестік бағдарламасы аясында деректерді жинастыру және өңдеу мақсаттары (оның ішінде оларды пайдалану):
- a) тұтынушылық қызметтерді ұсыну және ең үздік сапалы Тауарларды ұсыну;
 - b) Жүйенің жаңа сервистері құру, Жүйе жұмысын және Қатысушы мен Серіктестердің арақатынасын жақсарту;
 - c) Қатысушы талғамына сай келетін таргеттелген жарнамалық ұсыныстарды ұсыну;
 - d) Жүйенің кедергісіз жұмысын қамтамасыз ету үшін Қатысушымен қолданатын түрлі құрылғыларды байланыстыру;
 - e) Акциялар, байқаулар ұйымдастыру, Қатысушыларға қосымша мадақтамалар ұсыну;
 - f) Қатысушыға ыңғайлы болатын тәсілмен байланыс орнату;

- g) Жүйе жұмысын, Ниеттестік бағдарламасын барынша жақсарту және Қатысушылар қызығушылықтары мен пікірлері негізінде Жүйенің жаңа функцияларын мен сервисін құрастыру мақсатында сауалнамалар, сұраныстар, зерттеулер жүргізу және Қатысушының мінез-құлқына талдау жасау;
 - h) Алаяқтықтың және өзге де құқықсыз әрекеттердің алдын алу, анықтау және онымен күресу;
 - i) Қатысушыларға, Серіктестерге, Операторға Ниеттестік бағдарламасына қатысуда және де Ниеттестік бағдарламасына толығымен қауіпсіз жағдайларды қамтамсыз ету;
 - j) Жүйе жұмысындағы кедергілергі жою және де б..
- 9.9. Қатысушы Ереженің 9.8.т. көрсетілген мақсаттарымен , Қатысушылардың сурет-және/немесе бейнетүсірілімдерін жүргізілуіне, жинауға, сақтауға, өңдеуге, пайдалануға, көшірмесін жасауға, бейнелеуге, жаңғыртуға, бейімдетуге, бейнелеп көрсетуге, жинақтауға, иесіздендіруге, деректерді жолдауға (трансшекаралық тапсыру), және де Қатысушының электронды поштасының адресі мен ұялы телефон номері туралы, паркинг төлемі үшін тіркестірілген төлем картасы деректері, ақпараттарды сақтауға, транзакциялар тарихымен, Оператормен келіседі және түсіністік танытады.
- 9.10. «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» ҚР Заңы принциптары мен нормаларына сәйкес Оператор Қатысушының жеке деректерін пайдалануға міндеттенеді, олардың құпиялылығын және қорғанысын ҚР қолданыстағы заңнамаларына сәйкес қамтамсыз етеді.
- 9.11. Оператор Ниеттестік бағдарламасы аясында алынған Қатысушының жеке және биометриялық деректерінің сақталуын жүргізеді, оның жүзеге асырылуы мерзімінде. Қатысушының жеке және биометриялық деректері Оператормен ҚР қолданыстағы заңнамасы нормаларына сай жойылуы жүргізіледі.
- 9.12. Қатысушы Оператормен оның деректерін жинауға, сақтауға, өңдеуге және пайдалануға келісімін қайта қайтаруға құқылы. Пікір жазбаша түрде ресімделеді және megafamily@megacenter.kz электронды пошта адресіне жолданады. Оператор көрсетілген пікір алған сәттен 1 (бір) жұмыс күн ішінде Ниеттестік бағдарламасының Қатысушылар арасынан Қатысушыны шығару арқылы сәйкестендірілген Қатысушысының деректерін жинауды, сақтауды, өңдеуді және пайдалануды тоқтатуға, Мобильді қосымшадан Қатысушы Профилін жоюды, Қатысушының жеке, биометриялық деректерін жоюға міндеттенеді.

Х. ЕҢСЕРІЛМЕЙТІН КҮШ ЖАҒДАЙЛАРЫ

- 10.1. Оператор мен Қатысушы (Тараптар, Тарап) форс-мажорлық жағдайлар туындаған жағдайда (бұдан әрі - «форс-мажор») өз

міндеттерін орындаудағы қандай да болса кешігу үшін Тараптардың күтпеген жағдайлары немесе қателіктерімен байланысты емес табиғат, оның ішінде табиғи апаттар, Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының актілері, Қазақстан Республикасының атқарушы органдарының Ережелер бойынша міндеттемелерді орындауға кедергі келтіретін әрекеттері, көтерілістер, эмбарго, ереуілдер, сондай-ақ қызметкерлердің басқа келісілген әрекеттері немесе Тараптар бақылай алмайтын ұқсас сипаттағы басқа жағдайлар, егер бұл жағдайлар Тараптар (пен) қолданыстағы Қатысу ережелері бойынша өз міндеттемелерін орындауға (ішінара немесе толықтай орындалмаса) тікелей әсер еткен жағдайда, кибершабуылдар, бұзушылықтар, Жүйе орналасқан серверлерді бұзу және т.б.

- 10.2. Форс-мажор жағдайлары туындаған жағдайда, осы Ережені орындау мүмкін болмай қалған Тарап екінші Тарапты форс-мажордың басталуы, сипаты, аяқталуы туралы жазбаша түрде дереу хабардар етуі, егер мүмкін болса, оны Қазақстан Республикасының құзыретті мемлекеттік органының немесе тәуелсіз құзыретті ұйымның құжатымен растауы керек.

Оператор Қатысушы берген маңызды емес және дұрыс емес ақпаратты пайдалану нәтижесінде Қатысушыға да, үшінші тұлғаларға да келтірілген шығындардың кез-келген түріне жауап бермейді.

XI. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ

- 11.1. Қатысушы мен Оператор арасында дау туындаған жағдайда даулар келіссөздер арқылы шешіледі..
- 11.2. Дауларды шешудің талап ету тәртібі міндетті болып табылады. Қатысушылардың талаптарын Оператор тек жазбаша түрде қабылдайды және қарайды.
- 11.3. Шағымдарды Қатысушы мына мекенжайға жолдайды: Алматы қ. Розыбакиев, 247а. Шағымды жөнелту мен жөнелтудің барлық шығындарын Қатысушы дербес төлейді.
- 11.4. Шағымдарды Оператор Оператор алған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қарастырады. Егер сараптама жүргізу қажет болса, бұл мерзім сараптама жүргізілу кезеңіне ұзартылуы мүмкін.
- 11.5. Шағымдарға жауаптарды Оператор Мобильді қосымшаға тіркелу кезінде Қатысушы көрсеткен электрондық пошта мекенжайына жібереді. Қатысушы шағымға жауаптың уақтылы алынуына жауапты (электрондық пошта мекенжайының өзектілігі және дұрыс жазылуы, электрондық поштаны пайдалану мүмкіндігі және т.б.). Оператор Қатысушыны шағымдарға жауап жіберу туралы қандай да бір түрде хабарлауға міндетті емес.
- 11.6. Тәуелсіз сараптама жүргізу үшін Қатысушының Мобильді қосымшаны пайдалану кезінде оның заңсыз әрекеттері нәтижесінде кінәсінің дәрежесін анықтаған кезде Оператор құзыретті

ұйымдарды сарапшылар ретінде өз бетінше тартуға құқылы. Бұл жағдайда Қатысушы осындай сараптаманың барлық шығындарын өтеуге міндетті.

- 11.7. Егер тараптар арасында келіссөздер жүргізу арқылы келісім жасалмаса, дау Алматы қаласы Бостандық аудандық сотында қаралуға тиісті (мәміле жасалған және орындалған жер).

XII. ӨЗГЕ ЖАҒДАЙЛАР

- 12.1. Ережелер Ниеттестік бағдарламасы әрекет ету мерзімі кезінде жарамды болып табылалы.
- 12.2. Бағдарламаның әрекет ету мерзімі шектелмеген. Оператор Бағдарламаны іске асыруды өз қалауы бойынша кез келген уақытта біржақты тоқтата тұруға немесе тоқтатуға құқылы. Оператор Бағдарламаны іске асыруды тоқтата тұру немесе тоқтату туралы Бағдарламаны тоқтата тұрудың немесе тоқтатудың болжамды күніне (хабарлама кезеңіне) дейін кемінде 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын кез келген тәсілдер арқылы хабарлайды: Сайтқа, мобильді қосымшаға, СОО желісінің әлеуметтік желідегі ресми аккаунттарында, Оператордың жарнамалық материалдарында тиісті ақпаратты орналастыру арқылы.
- 12.3. Бағдарламаның қолданылуын тоқтата тұру немесе тоқтату туралы хабарлама Қатысушыға Оператор атынан телефон арқылы немесе пошта арқылы жіберілсе немесе Оператордың Сайтына орналастырылса тиісті түрде жеткізілді деп саналады.
- 12.4. Бағдарламаны іске асыру тоқтатылатын кезең ішінде (Бағдарламаның қолданылуы тоқтатылған жағдайда), сондай-ақ Бағдарламаны іске асыру тоқтатылған күннен бастап (Бағдарламаны іске асыру тоқтатылған жағдайда), Оператор Айналымдарды есепке түсіруді жүргізбейді, сонымен қатар акциялар мен ұтыс ойындарын өткізуді, басқа да өзге процедуралардың орындалуын уақытша тоқтатады / тоқтатады.
- 12.5. Бағдарлама тоқтатылған күннен бастап Оператор барлық Профильдерді жауып, Қатысушылар жинақтаған Айналымдардың күшін жояды және Оператор Қатысушылардың пайдасына ешқандай төлемдер және / немесе өтемақы төлемейді.
- 12.6. Оператор кез келген уақытта осы Ережеге біржақты тәртіпте өзгерістер мен толықтырулар енгізуге құқылы. Ереже өзгерген жағдайда, Оператор бұл туралы Қатысушыларға жаңа басылым күшіне енген күнге дейін күнтізбелік 7 (жеті) күннен кешіктірмей (ақпарат беру тәртібі) сайтқа, Мобильді қосымшаға және / немесе қосымша жарнамалық материалдар немесе электрондық пошта хабарлайды.
- 12.7. Қатысушылардың Акцияға қатысуға байланысты шағымдарын Оператор megafamily@megacenter.kz электронды адрес бойынша Акция аяқталған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қарау үшін қабылдайды

- 12.8. Оператор Қатысушылар мен Серіктестер арасында туындайтын даулар мен келіспеушіліктер үшін жауап бермейді, егер мұндай даулар мен келіспеушіліктер Оператордың Бағдарлама бойынша өз міндеттемелерін бұзуынан туындамаса.
- 12.9. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен қарастырылған тәртіпте расталған Оператор кінәсінен осы Ережелер бұзған Қатысушы алдындағы Оператор жауапкершілігі Айналмалар есепке түсірумен байланысты кез келген шағымдар жағдайларымен шектеледі-сәйкестендірілген Қатысушының профилінде Айналмалар саны Жүйенің клирингтік ведомосымен тиісті расталған; өзге жағдайларда- Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 350 бабына (Жалпы бөлім) сәйкес құжатпен расталған, шынайы залалмен шектелген.Қатысушы ауыртпалықты өзі көтереді.
- 12.10.Қатысушы Ереженің 4.5 т. шарттарын бұзған жағдайда Ереженің, сондай-ақ үшінші тұлғалардың пайдасына қандай-да бір тәсілмен ынталандыруды жандандырған жағдайда, Оператор Қатысушыдан және Серіктестерден және / немесе үшінші тұлғалардан алынған, көрсетілген жағдайларға байланысты кез-келген талаптардан босатылады, сондай-ақ Қатысушыны аталғанға жол бергені үшін жауапкершілікке тартуға құқылы, үшінші тұлғалардың пайдасына иеліктен шығарылған сыйақыларды белсендіруде, жарнамалық акцияларға және квесттерге қатысуда көрсетілген бұзушылық.
- 12.11. Оператор Қатысушының Бағдарлама аясында өткізілетін Ереженің өзекті нұсқасына, Акция ережелеріне қатысты білместігімен, Айналмаларды жинақтауға шектеу қою осы Ережелермен белгіленген міндеттемелерді Оператормен орындау жағдайларында байланысты болжамды шығындарына жауапкершілік жүктемейді.
- 12.12. Оператор кез-келген Қатысушыны Бағдарлама Қатысушыларының қатарынан шығаруға құқылы және осылайша Қатысушының Бағдарламаға қатысуын қандай да бір себептермен ескертусіз тоқтата алады, соның ішінде Қатысушы осы Ережеге сәйкес келмесе және/немесе Операторды және/немесе Серіктесті жаңылыстыратын ақпарат берсе немесе серіктеске және/немесе Операторға дұрыс емес және қате ақпарат ұсынғанда.
- 12.13. Оператор өзіне тәуелді емес жағдайларға байланысты (форс-мажорлық жағдайлар) Бағдарламаны тоқтата тұруға мәжбүр болған жағдайда, Қатысушыларға осындай тоқтата тұру туралы кез-келген ақылға қонымды уақытта хабарланады және ескерту мерзімі туралы ережелер қолданылмайды.
- 12.14. Қатысушы Операторды қайта құрған жағдайда Қатысушының Ережеде көрсетілген кез-келген келісімі Оператордың мұрагері үшін жарамды деп келіседі.

12.15. Осы Ережелермен реттелмеген жағдайлар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларымен реттеледі.